

МАЛ ЖИСАҢ - ҚОНЫСЫН ТАП, АС ЖИСАҢ - ЫДЫСЫН ТАП.

Халық мақалы



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№104-105
/10486-10487/
жұма,
12 тамыз
2016 жыл



Сенат депутаттарының сапары

Сейсенбі күні есімдері облыс жұртшылығына етене таныс азаматтар, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне қосқан айтарлықтай үлестері бар, бүгінде ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Жолдасбаев Мұратбай Сматайұлы мен Астаев Ертарғын Кәкімбекұлы облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қойбақов Серік Мамыртайұлының бастауымен ауданымызда арнайы іссапармен болып, ел ішінің жағдайын сұрап, бірқатар құрылыс нысандарымен танысты.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".



ЕЛ ІШІНДЕГІ ӨРЕЛІ ІСТЕРГЕ ҚУАНАМЫЗ, - дейді ауданымызда болған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары М.Жолдасбаев пен Е.Астаевтар

Лауазымды қонақтарды қарсы алған аудан әкімінің орынбасары Қасымов Рүстем Қалмұхамбетұлы ауданымыздың барлық саладағы тыныс-тіршілігін, оның ішінде Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамының ауылдықтар үшін бастысы 60-қадам – сүт, 61-ет өндірісі туралы қадамдардың аяқ алысы жайлы, жалпы аудан агросекторы мен басқа да өндірістердің бүгінгі күнгі ахуалынан хабардар етіп, жеткен жетістіктерді місе тұтпай, алда белгіленген биік межелерді бағындыру жайын сөз етті.

Қонақтар тарапынан ауданымыздағы өзге де тіріліктер, оның бірі – адамзат үшін ең жоғарғы құндылық және байлық саналатын – денсаулық пен білім саласындағы ілгерілеушілік, осы тұрғыда халыққа қызмет көрсететін ыңғайлы, заманауи орын, яғни, жаңа нысандар жайлы еңгіме қозғалған тұста аудан әкімінің орынбасары Р.Қасымов астаналық депутаттарды жергілікті жерде жіті танысып, көру үшін мемлекеттік «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында салынып жатқан аудандық орталық емхана құрылысына бастап (жоғарғы суретте) келді.

250 келушіге арналған сметалық құны 1836456420 теңгеге (келісім-шарттық құны 1750097084 теңге) бағаланған емхана құрылысын жүргізуші «ТаразҚұрылысИнвест» ЖШС-нің учаске басшысы Қанатбек Түсіпбеков пен құрылыс прорабы Шпиц Алексей Борисович барлық құрылыс талаптары қатаң сақталып, негізінен, отандық өнімдермен өрлену үстіндегі нысан ішін аралатып, 18 қазанда аяқталуы тиіс ғимараттың (төменгі суретте) халық үшін өте ыңғайлы, кең де жарық болатынын, әрі техникалық жарақтануында өзі типтес емханалардан көш ілгері екендігін жеткізді. Өз кезегінде Сенат депутаты Мұратбай Сматайұлы, ең бастысы, жоғары сапалы отандық материалдар қолданып, бітуге жақындаған нысанның қабырғаларының тегістігі мен түзулігіне еш шек келтірмейтін білікті құрылысшыларға деген өз алғысын да айтып өтті.



Аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Самар Орынтаев пен аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Бекболат Құрманәлі бұл нысанға бекітілген техникалық қадағалаушы «StarSroiKz» ЖШС-гі мамандары және өздері тарапынан барлық құрылыс нормаларынан ауытқымауы тұрасында жиі бақылау жасайтындықтарын айтып, осында жұмысқа тартылған 106 құрылысшының 12-сі жергілікті азаматтар екеніне тоқталды.

Халық қалаулыларының келесі ат басын тіреген жері – 600 оқушыға

арналған №9 Савва атындағы орта мектептің биыл маусым айында басталған құрылыс алаңы еді. Құрылыстың төлқұжатымен таныстырған мердігер мекеме «ТаразҚұрылысДизайн» ЖШС-нің учаске басшысы Бейбіт Есдәулетов сметалық құны 1149325910 теңге, келісім-шарттық құны 952142240 теңге болған құрылыс бастау алғалы жергілікті атқарушы органдармен арадағы өзара тығыз байланыстың арқасында еш кедергі болмай, барлық іс бекітілген кестеге сай жүруде екенін айтып, құрылыс алаңындағы қызу еңбектің нәтижесі

– барлығы 5 блоктан тұратын мектеп ғимаратының бой көтеріп үлгерген алғашқы қабатын (мектеп 3 қабаттан тұрады) көрсетіп, келер жылдың шілдесінде ғимарат кілтін табыстау жоспарларымен де бөлісті. Мұндағы еңбек етуші 98 құрылысшының 30-ы меркіліктер екенін есіткен депутаттар «Бәрекеңді! Бұл деген сонша жаңуға қаржылай кіріс кірді деген сөз» – деген қуаныштарын да жасырмады.

Келесі кезекте облыс аумағындағы арнайы іссапарлары барысында кездескен кейбір жекелеген келеңсіз көріністер мен жағымсыз жайттарды ұмытқызатын пәрмен, қасиеті бар киелі Меркі жеріндегі тың өзгерістерге сүйсініп, елдің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамашылық іс-әрекеттері мен сарқылмас жаңашыл идеялары жетерлік аудан басшыларына және жалпы меркіліктерге ризалық білдірген Сенат депутаттары көршілес Қордай ауданына жүріп кетті.

Астаналық қонақтардың ауданымызға жасаған сапары кезінде аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Абылай Ахметжанов, Меркі ауылдық округі әкімінің орынбасары Ербол Байболсынов пен Сарымолдаев ауылдық округінің әкімі Қамбар Смайылов бірге болып, депутаттардың бірқатар сұрақ-сауалдарына жауап берісті.

В единстве и последовательности формирования нации на основе гражданской идентичности заключается крепость государства, отметил в своей статье «План нации – путь к казахстанской мечте» Глава государства.

ПРОГРАММА СОЗИДАНИЯ

2016 год ознаменовал собой начало реализации институциональных реформ, инициированных Лидером нации. В Плане нации по пунктам расписаны действия по вхождению республики в когорту развитых стран. Вступили в силу новые законы, а это значит, глобальная цель обретает реальные очертания, и у нас есть все возможности для совершения масштабного прорыва. Так, обозначенные в Плане нации ключевые реформы, в том числе, по повышению эффективности госаппарата, будут стимулировать предпринимчивых людей открывать собственный бизнес, развивать производственный сектор. А это, в свою очередь, позволит снизить безработицу, повысить благосостояние граждан. Также, для реализации Плана нации было принято более 59 законодательных актов. Эти изменения в законодательство вносились с опорой на лучший международный опыт, с учетом собственного опыта Казахстана за годы независимости. Это новый Трудовой кодекс, внедрение обязательного медицинского страхования.

В Плане нации Президент разъясняет перспективу развития страны на предстоящий период, и этот четко выверенный курс должен каждого из нас настроить на оптимистические мысли и конкретные действия во благо процветания своей страны. Глава государства обращает особое внимание на максимальное развитие системы образования. В частности на то, что техническое и профессиональное образование должно стать одним из основных направлений инвестиционной политики. Каждая глава Плана нации Елбасы, это не просто перечень задач, стоящих перед нашей страной, а пошаговое руководство к действию, где все расписано: что, когда, как и кому делать, чтобы пришел успех.

План нации близок и понятен каждому казахстанцу, он вселяет в людей надежду и уверенность в завтрашнем дне. По сути, это четкая, хорошо продуманная и реально осуществляемая стратегия развития страны.

А. ВАСИЛЬЕВ,
с. Мерке

Еларалық кездесу

Сейсенбі күні Жамбыл облысы әкімдігі мен еларалық «IR-KZ» холдинг компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы жасалған меморандум аясында Иран Ислам Республикасының Жұмысшылар партиясының төрағасы, топ жетекшісі Камали Хоссейн бастаған арнайы делегация өкілдері ауданымызда болып, ауыл шаруашылығын инвестициялау жөнінде келіссөз жиыны өткізілді.

Әлихан АТЫХАНҰЛЫ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

ИРАНДЫҚ ИНВЕСТИТОРЛАР МЕРКІ ЖЕРІНДЕ



Аудан әкімі М.Өмірбековтың ирандық инвесторлармен кездесу сәті

Аудан әкімі Өмірбеков Мейірхан Азатұлы төрағалық еткен жиынға құрамында «IR-KZ» холдинг компаниясының бас директоры Али Хоссейн Мохаммадтахи, «IR-KZ» холдинг компаниясы» ЖШС-нің бас директоры Шиатолаемен Мустафа Мортеза, сондай-ақ, ирандық ауыл шаруашылығы және басқа да салалардың мамандары топтасып, облыс тарапынан облыс әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының басшысы Есімбеков Болат Дәулетбайұлы, жер қатынастары басқармасының басшысы Тортаев Ілияс Әлімұлы, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұржігітов Нұржан Молдиярұлы қатысса, өз жағымыздан аудан активі, аудан әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Садық Бұтабаев пен бөлім мамандары, аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Касенов Кенжемұрат Болатұлы, ауылдық округ әкімдері, ауыл шаруашылығында еңбек етуші кәсіпкерлер мен диқандар қатысты.

Ирандық қонақтар мен көпшілік алдында сөз кезегін алған аудан әкімі Мейірхан Азатұлы өліміз аграрлы мемлекет болғандықтан Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан-ақ осы салаға басымдық жасайтынымызды айтып, қазақстандықтар, оның ішінде меркіліктер де ауыл шаруашылығын биік дәрежеге көтеретін озық технологиялар мен екіжақты тиімділігі зор шетелдік инвесторларға иек артатынымызға да тоқталып өтті. Яғни, агроөнеркәсіп кешені саласын қаржыландыруды қажет ететін перспективалы инвестициялық тиімді жобаларды бірлесе қарауға мүдделі екенімізді жеткізді. Оның ішінде ауыл шаруашылық саласында инвестициялар қажет ететін басым бағыттар: қант қызылшасы, дөңдік жүгеріні тамшылатып суғару технологиясы арқылы дамыту, ағын суға деген тапшылықты жою үшін Аспара, Меркі өзендерінің бойынан сыйымдылығы 50 млн. текшеметр су қоймаларын салу, аудан көлемінде орналасқан 23 су бөгеті мен 1 су қоймасының

сыйымдылығын жоғарылату үшін су бөгеттерінің табандарына тазалау жұмыстарын жүргізуге қаражат құю, шаруашылықтар тамшылатып суғару қондырғыларын орнатуы үшін егіс алқаптары бойынан электр жүйелерін жүргізу, су ұңғымаларын қазып, суландыру, ауданда шаруашылықтарға қызмет көрсететін машина-трактор станцияларын құруды несиелендіру, жылыжай құрылыстарын салу, өндірілген жүгері, майлы дақыл өнімдерін өңдейтін шағын зауыт, жүгері-крахмал зауытын, асыл тұқымды мол сүт беретін мал басы мен заманауи үлгідегі құрал-жабдықтарымен сүт фермаларын құру, сапалы да құнарлы мал азығын дайындау үшін заманауи жем-шөп дайындайтын зауыттар салу, балық өсіріп, оны өңдейтін шаруашылықтар құру, Меркі ет комбинатын іске қосу үшін қаражат салу, құс шаруашылықтарын құру, қымыз, шұбат өндірісін дамытып, экспортқа шығару, туризмді дамыту, үдемелі жеміс алқаптарын көбейтуге инвестиция қабылдауға даяр екеніміз де айтылды. Дегенмен, зайырлы, құқықтық жүйедегі республика болғандықтан, ел Конституциясы мен өзге де заңдылықтарға бағыну – басты қағидамыз екенін атап айтқан өңір басшысы, биылғы жылдың 6 мамырынан бері қолданысқа енгізілген Жер кодексі заңындағы кейбір баптарға енгізілген мораторийдің жыл аяғына дейін созылатыны және оны қайта қараудың нәтижесіне қарай шетелдіктерге жерді жалға беру мәселесі толық шешілетінін бірден ескертіп өтті.

Сөз кезегінде Иран Ислам Республикасының Жұмысшылар партиясының төрағасы Камали Хоссейн ауыл шаруашылығындағы басымды секторларды инвестициялауды көздейтіндіктерін, сонымен қатар, мұнай-газ жөніндегі істер, жол, көпір, үй құрылыстары, сауда саласы, балық өсіру, жылыжай салу мен гүлзарлар өсіру, минералды сусындар шығару сияқты істерді қолға алуды жөн санайтындарын айтты. Сондай-

ақ, ет өндіру, оны мұздатпай-ақ өз технологиялары бойынша 2 ай, яғни, 60 тәулік балғын күйінде сақтап, кез-келген мемлекетке жеткізіп, өткеруді де іс жүзіне асыруға болатынын, Қазақ елінің кең-байтақ даласында өскен алуан түрлі табиғи дөрілік шөптерден өтімді дәрі-дәрмек дайындауды да жолға қою мүмкіндіктерін жеткізген ирандық

қонақ өз талаптары бойынша топырағы құнарлы, жері шұрайлы, сулы да нулы жер телімдерін (ҚР бойынша 250 мың га.) 49 жылға жалға алмақ ниеттерін білдірді.

Бұл ирандық ұсыныстардың ҚР заңдарына өзінше сәйкес келмейтінін тағы бір мәрте қайталап жеткізген аудан әкімі М.Өмірбеков ауданымызда 2 сүт өңдейтін, қант, спирт, ет өнімдерін шығаратын зауыт, комбинаттар бар екенін, қажет жағдайда олардың жұмысымен таныстыруды ұйымдастыратынын, ұжымдардағы жерді иелерімен бірлесіп өңдеп, пайдалану жағын шешуге болатынын да айтты. Алайда, ирандықтар мемлекет иелігіндегі жерге жеке-дара қожалық етіп, өздері ғана жұмыс жасауды күп көретіндіктерін, жекеменшік иелерінен жерін 49 жылға жалға алған жағдайда бұл жылдары ештеңе төлемей, тек сол жер телімінде қалатын зауыт немесе жеміс бағын барлық инфраструктурасымен қалдыратындықтарын жеткізді.

Жарысөзге шыққан ауданымызға белгілі азаматтар Қамбарбек Иманалиев пен Совет Қалманбетовтер еліміздің ауыл шаруашылығына сөз жоқ озық технология мен шетелдік инвестиция ауадай қажет болғанымен, заң талаптарынан ауытқымауға, сонымен қатар, жергілікті шаруалардың жағдайымен санасуға шақырды.

Сонымен, әр тарап өздеріне ыңғайлы орта қалыптасуына мүдделі болғанымен, заңның да өз талабы мен шектеуі бар екені мәлім. Жиынды қорытындылаған облыс әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н.Нұржігітов пен аудан әкімі М.Өмірбеков жыл аяғына дейін босалқы жер телімдерін түгендеу жұмыстары жүретінін айтып, Жер кодексі заңы толық бекітіліп, мораторий алынған тұста келіссөз столына қайта отыруға дайын екендіктерін білдіріп, қонақтарға сәт-сапар тіледі.

Осы аптаның сейсенбісі күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілге құрмет – азаматтық міндет» тақырыбында жылжымалы практикалық семинар болып өтті.

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, Әлихан НҰРАЛИЕВ (сурет), «Меркі тынысы»

Семинардың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының орындалуын жүзеге асыру, тіл сауаттылығы мен мәртебесін арттыру, тіл мәдениетін қалыптастыру барысында аудан аумағында орналасқан сыртқы көрнекі ақпараттарды заңнама талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын реттеу, жүйелеу және мемлекеттік мекемелер арасындағы құжаттарды рәсімдеуде ескерілетін қағидалары туралы түсінік беру болып табылады.

Жалпы, аудан бойынша 14 ауылдық округ, 41 елді мекен, 444 көше бар. Оның ішінде 100 көшенің



сақталуы тиіс. Маңдайшаны көлденең де, сондай-ақ, тігінен де орналастыруға болады. Маңдайша қалыңдығы 1 сантиметрден 4 сантиметрге дейінгі төсемге орналастырылады, төсемде мемлекеттік органның атауы жазылған графикалық жазба болады. Маңдайшаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылады.

– Аталған қаулының 6-тармағына сәйкес, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының астына, маңдайшаның 2/3 бөлігінен төмен, мемлекеттік органның атауы жазылады. Маңдайша мәтіні өріптерінің биіктігі кемінде 3 сантиметр болуы тиіс. Полотноның реңі көк түсті, ал өріптері алтын түсті болуға тиіс, – деп түсіндірді Ерлан Дайрабайұлы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТ



атауының идеологиялық тұрғыдан мағынасы ескірген. Ендігі кезекте осы көшелерді бекітілген үлгіге сәйкес өзінше мақсаты қойылған.

Бұл ретте жазулардың сауатты да әдемі, айшықты жазылуымен қатар, тілдік ереже талаптарына сай қолданылуы да маңызды. Аталған маңызды мәселе жергілікті атқарушы органдар мен сол өңірдегі ономастика мәселесі жөніндегі жұмысшы топ басты міндеттерінің бірі екендігін ескеріп, назардан тыс қалдырмауы тиіс. Өкінішке орай, бұл салада өлі күнге дейін сын көтермейтін олқылықтардың орын алып, қатеден арыла алмай келе жатқандығы алаңдатады. Мұндай қателер сол елді мекендегі басшы азаматтардың беделіне сын екендігі айтпаса да түсінікті.

Жылжымалы практикалық семинарды аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Жантелиев ашып (суретте ортада), күн тәртібіне сәйкес, алғашқы сөзді Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс бөлімінің бас маманы Ермаханбетов Ерлан Дайрабайұлына берді.

Баяндамашы, ең алдымен, Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңының талаптары мен ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы №1371 қаулысымен бекітілген ережелерінің орындалуы бойынша Меркі ауданында үстіміздегі жылдың ақпан айында жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы өңгімелеп, орын алған кемшіліктерді арнайы слайдтар арқылы көрсетті.

Ол негізінен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы №1371 қаулысымен бекітілген ережелерге сәйкес, мемлекеттік органдардың атауы жазылған маңдайшаларды дайындау және оларды орналастыру жолдары туралы түсіндірді. Маңдайша кемінде 60x80 сантиметр мөлшерінде жасалуға тиіс. Қажет болған жағдайда маңдайшаның мөлшерін ұлғайтуға болады, бұл ретте арақатынасы

Ал, 7-тармағына сай, маңдайшаның жиегінің ені кемінде 3 сантиметр алтын түсті рамкамен қоршалыды. Өріптердің шрифті «Book Antiqua» (8-тармағы).

– Егер мемлекеттік мекеме орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органның құрылымдық немесе ведомстволық бағыныстағы бөлімшелері болып табылса, онда маңдайшада мемлекеттік органның атауын көрсету қажет, – деген баяндамашы қаулыға сәйкес барлық талаптарды орындаудың жолдарын слайдтар арқылы нақты мысалдар келтіре отырып түсіндірді.

Семинарда Тілдерді оқыту орталығының аға әдіскері Абдрахманова Алтын Жексенбайқызы мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу тәртібі туралы өңгімеледі. Ол, негізінен, ресми іс қағаздарының топтастырылуы, құжаттардың міндетті деректемелері, құжат айналымында кездесетін қызметтік хаттың үлгісі, құжаттардағы адамдардың аты-жөнінің жазылуы, «Хаттың күні» деректемесінің рәсімделуі, құжаттарды топтап рәсімдеу, құжаттарда кездесетін реттік сан есімдер, «Қол қою» деректемесінің рәсімделуі, мәтінде кездесетін дефис пен сызықшаның қолданылуы, «Орындаушы туралы белгі» және т.б. туралы слайдтар арқылы кеңінен түсіндіріп өтті.

Жылжымалы семинар барысында аудандық аурухананың бас дәрігері Б.Құрманәлі, Ақтоған ауылдық округінің әкімі О.Қосубаев, іс жүргізушісі А.Жантайбаев, «Балбөбек» балабақшасының меңгерушісі Г.Текебаева және басқалар өздерін толғантқан сауалдарын қойып, нақты жауаптарын алды.

Маңызды ісшараға ауылдық округ әкімдері, округтердегі іс жүргізушілер және ономастика мәселелеріне жауапты мамандар, жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер басшылары, денсаулық саласы басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Народ в потоке истории

Давно известно выражение о том, что в мире есть только одна наука, и эта наука – история. История Казахстана – это не просто часть всемирной истории, это история Великой степи, которая оказала большое влияние на развитие всего Евразийского континента. Это то место, где как в большом бурлящем котле, вершилась не только история казахов, но и формировалась жизнь других народов Европы и Азии.

Ольга ОСИПОВА, «Меркі тынысы»

История изучает прошлое человеческого общества во всем его многообразии. Не познав его, мы не можем понять настоящего и перспектив в будущем. Человек

Одним из ключевых для новейшей истории Казахстана событий стало закрытие 25 лет тому назад Семипалатинского ядерного испытательного полигона. Казахстан

НЕ ЗНАЯ ПРОШЛОГО, НЕ УВИДЕТЬ НАСТОЯЩЕГО



не может существовать в социуме, не зная истории развития своей страны. Именно благодаря истории у людей формируется чувство патриотизма, появляется понимание процессов, которые происходят в стране. Причем история родного края и своей страны не менее важна, чем всемирная история. Она дает возможности изучать развитие человеческой цивилизации от самых истоков, узнать обычаи и традиции своего народа. Благодаря личным инициативам Президента Нурсултана Назарбаева в нашей стране накоплен огромный исторический материал, который позволяет отечественным историкам воссоздать истинную картину произошедших событий. Глава государства призывает ученых историков проводить фундаментальные исследования, пытаться собрать по крупицам письменные источники, артефакты, полученные в результате археологических исследований, проанализировать все собранные материалы, чтобы более полно отразить прошлое страны.

Ключевые аспекты истории нашей республики – роль Первого Президента в становлении казахской государственности и развитии многовекторной политики современного Казахстана. И 25 лет Независимости Казахстана – время, которое было наполнено событиями, идеями и достижениями. Так, за годы своего суверенитета Казахстан стал авторитетным и полноправным членом мирового сообщества, а казахстанская модель развития неразрывно связана с именем Лидера нации. И каждый казахстанец сегодня является свидетелем исторических событий. За последние годы в стране было принято несколько сильных государственных программ, таких как «Ғылыми қазына», «Народ в потоке истории». Они сыграли исключительно важную роль в модернизации исторической науки страны.

Казахстанцы гордятся тем, что за годы Независимости были восстановлены крупные памятники истории и культуры, проведено много археологических исследований.

добровольно отказался от ядерного арсенала и от полигона, на котором в течение 40 лет проводились испытания, наносившие вред здоровью людей и экологии. Стал значимым и выдвинутый Главой государства Манифест «Мир. XXI век». Обращаясь к этому документу, лидеры всех стран сегодня понимают актуальность отказа от оружия массового уничтожения и построения взаимоотношений на основе мирного диалога. Кроме того, за 25 лет Независимости в Казахстане была построена уникальная модель мирного полиэтнического и поликонфессионального общества.

Одна из ключевых наших ценностей сегодня – согласие между разными этносами и религиями. Именно благодаря им в нашей стране сохраняются мир, спокойствие, стабильность.

Одно из значимых достижений Независимости заключается в том, что наша республика первой среди стран СНГ провела Саммит ОБСЕ. Мудрым решением Елбасы стало проведение в республике Съезда лидеров мировых и традиционных религий. В этом году в Астане состоялась организованная Парламентом РК международная конференция «Религии против терроризма».

Сегодня с гордостью можно сказать, что Казахстан стал авторитетным государством, признанным международным сообществом, доказал свою состоятельность. Все это, в первую очередь, благодаря нашему Президенту, тому, что он с первых дней обретения Независимости проводит выверенный курс внутренней и внешней политики.



В этом году казахстанцы празднуют знаковое для страны событие – 25-летие Независимости Республики Казахстан. О достижениях Независимости, которые они считают для себя важными, корреспонденту районной газеты «Меркі тынысы» рассказали меркенцы.

Севда Кузелова:

– В этом году мы отмечаем 25 лет Независимости нашей страны. Это большая и значимая дата в нашей истории. За эти годы наш сплоченный и дружный многонациональный народ смог многого добиться в экономике, социальном развитии, культуре и спорте, пройдя твердый и уверенный путь к своим выдающимся свершениям. При этом мы не забываем о корнях, питающих нашу духовность, о традициях и обычаях, передаваемых из поколения в поколение и придающих особые черты ментальности, отражающейся на мировосприятии.

И, конечно же, 25 лет Независимо-

Александра Сковинская:

– С первых дней Независимости страны образование и воспитание молодежи признано важнейшим приоритетом государственной политики. Даже в самые сложные годы становления молодого государства развитию национальной образовательной системы и социальной поддержке студентов уделялось особое внимание.

Для молодого поколения, как и для старших поколений, 25-летие Независимости большой праздник. Это День рождения нашей прекрасной страны. Для подрастающих поколений Независимость дала очень много возможностей, воспользоваться которыми и

Анар Шарипова:

– Благодаря Президенту Н.А. Назарбаеву впервые Казахстан обрел юридически оформленный статус независимого государства, признанного мировым сообществом.

Это эпохальное событие – результат бывших чаяний и надежд многих поколений нашего народа.

За 25 лет суверенного развития Казахстан вошел в число 50 самых развитых стран мира, досрочно реализовал Стратегию-2030, начал осуществление Стратегии-2050, Плана нации «100 конкретных шагов: современное государ-

СОЗДАЮТ НОВЫЙ ОБРАЗ

Сегодня в районе открытием нового салона красоты никого не удивить. Их много, а значит и конкуренция значительная. Но мастера, недавно открывшегося в районе военкомата салона красоты «Шарм» конкуренции не боятся, так как у них есть преимущества перед другими, это – доступные для клиентов цены.

Ольга МАЗУР,
«Меркі тынысы».

Именно низкие цены с первых дней работы салона красоты «Шарм» (хозяйка Э. Молдашева) и привлекают сюда клиентов. А еще, опытные мастера парикмахерского искусства и маникюра. Они хоть и молоды, но уже наработали опыт и мастерство в профессии создания красоты, а кроме того о модных и стильных прическах они знают все, а значит, и посоветовать могут, и что-то предложить свеженькое, стильное. Это любящие свою профессию: Людмила Шпиц (на снимке), Ксения Баталова и Валентина Чернова. Здесь клиентов всегда обслуживают достойно, и стрижки модные сделают, и коррекцию бровей, и маникюр. И меркенцы, по достоинству оценившие их мастерство, стараются обращаться именно к ним, доверяя мастерам свое преображение.

Оказывают в салоне красоты самые разные услуги: покраска волос, мелирование, наращивание ногтей и все недорого и качественно, так, чтобы людям понравилось, чтобы оценили аккуратную работу их подруги и друзья и также захотели сюда обратиться.

Для мастеров салона «Шарм» слово красота имеет особенно волшебный

ДОСТИЖЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ – НАША ГОРДОСТЬ



сти принесли нам очень многое, в том числе и замечательные праздники, это: Наурыз, День Республики Казахстан, День Первого Президента и, конечно



стремятся девушки и юноши. Так, молодежь страны сегодня может получить государственную стипендию «Болашақ» и обучаться в лучших вузах мира. Эта программа открывает двери в новый



ство для всех.
Сегодня Казахстан – лидер модер-

Блиц-опрос

же, День благодарности, который народ Казахстана отметил в этом году 1 марта впервые и имеющий хорошее воспитательное значение. Новое поколение родившихся в период независимости казахстанцев вступает в общественную фазу своего развития и поэтому должно знать историю построения полиэтнического казахстанского общества.

Миллионы людей разных национальностей были переселены, депортированы на казахскую землю в первой половине прошлого столетия. В их числе и азербайджанцы, для которых День благодарности стал еще одним поводом для того, чтобы высказать самые искренние слова.

Я уверена в том, что День благодарности станет праздником, когда нужно подводить итоги всех добрых дел, напоминать новому поколению казахстанцев о том, как важно жить в согласии и мире.

мир тысячам казахстанцев, которые работают и будут работать на будущее своей молодой страны. А еще молодежь стремится жить в мире и согласии, уметь ценить и беречь традиции и обычаи своего народа и уважать традиции и обычаи других этносов.

Абай считал: если все народы будут жить в мире и согласии, то на земле будут править мир и стабильность. Это золотые слова. За годы Независимости наша страна стала большой и дружной семьей разных этносов, живущих под единым мирным шаныраком. Как сказал Глава государства, залог развития многонационального государства – это единство народа Казахстана. И я считаю, что в единстве – наша сила!

низации и развития среди стран СНГ.

Триумфальное Председательство в Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе, Астанинском саммите, председательство в Организации Исламская Конференция, Шанхайской организации сотрудничества, Советствии по взаимодействию и мерам доверия в Азии, Евразийском экономическом союзе – это выдающиеся свершения, которые стали возможны благодаря мудрой и эффективной политике Елбасы.

Беседовала
Ольга АКИНИНА



смысл. И они делают клиентов, которые приходят в салон, лучше для того, чтобы когда они смотрели в зеркало, то могли нравиться себе, да и окружающим тоже. Ведь если они нравятся себе, значит они выглядят хорошо с новой стрижкой, ухоженными ручками и, просто, с хорошим настроением.

В салоне красоты «Шарм» светло и просторно, сюда можно прийти и почув-

разного возраста находят здесь что-то свое и многие идут сюда именно тогда, когда их душа требует перемен.

Посещая салон красоты «Шарм», они знают, что покинут его преобразившись и их жизнь будет светиться новыми красками. Клиенты уверены в том, что парикмахеры салона красоты «Шарм» непременно подстригут их современно и с большим вкусом.



1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісіне – 100 жыл

Сан ғасырды артқа тастап, еркіндік үшін күресте ештеңеден тайсалмаған дана халқымыз бүгінде Тәуелсіздіктің қайнар бұлағынан сусындап, егеменді елде еркін де бақытты өмір сүруде. Өркендеп, өсіп, қанатын биікке қомдаған Тәуелсіз еліміздің күннен-күнге жаңа да жарқын беттері тарих қойнауына еніп, тереңдей түсуде.

Строительная көшесінің де батыр атамыздың атымен аталуына үлес қосты.

Алматыдағы «Қазақпарат» баспа корпорациясының баспаханасынан, осы көтеріліс тарихы туралы жазылған туындылардан құрастырылған, «Ақкөз батыр» атты кітап жарық көрді. Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен жарық көрген кітаптың алғысөзін академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев жазып, жинаққа зерттеулер, архив құжаттары, әдеби шығармалар енгізілді. Жинақта Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғалымдары,

азаматтардың есімін ардақтау, ұрпақ санасына жеткізу еді. Осындай сауапты іске елді жұмылдырып, демеушілер іздеп, оған атсалысқан азаматтарға аудандық газет арқылы алғысын білдіруді де ұмытқан жоқ. Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының кітапханасында архивтерді ақтарып, көз майын тауысқан Токтахан Айдарбекұлы осындай үлкен де игі істерді іс жүзіне асырды.

«Мұражайдағы жәдігерлер мен техникалық құралдардың құны бір миллион теңгені құрайды. Осы тірнектеп жиған мұражай мүлкін шашпай-төкпей, ұқыпты ұстап тұратын жауапты адам болмаса,

...Ол өз ұрпақтарына арнап «Өмір және өнеге» атты кітап жазып қалдырды. Осы кітапта атасы, Жетісуға аты мәлім ақын болған Мырзабай Құттыбекұлы туралы көп өңгіме қозғады. Оның ақындармен айтыстарын, жыр-қиссаларын ел аралап іздеп, ойында қалғандарын жазып, жарыққа шығарды. Жасынан Мырзабай атасының қолында өсіп, тәлім-тәрбиесін құлағына құйып, көкірегіне түйіп өскен азамат ата, әке сенімінен шығу үшін мәнді де мағыналы ғұмыр кешті. Мына өмірдің жалғандығын жанымен

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

немесе аталар аманатын арқалаған жан туралы бір үзік сыр

... Еркіндік, Егемендік, Тәуелсіздік... Осынау қасиетті сөздердің астарында бүкіл бір халықтың ғұмыры, тарихы жатыр емес пе! Кешегісі мен бүгінгісі, арманы мен асқақ мұраттары елінің игілігіне арналған, сол жолда азаматтары атқа қонып, бодандықтың қамытын шешкен қасиетті де батыр Қазақ Елі бұл!

Еркіндік үшін төгілген қан, шөйіт болған батыр ұлдарымыздың рухы қолдап, көгімізде желбіреген Көк байрағымыз, ата-бабаларымыз мирас етіп қалдырған ұлан-байтақ жеріміз, осы даладай пейілі кең, жаны жомарт, арманы асқақ халқымыз тұрғанда бізден бай, бізден бақытты ел жоқ шығар, сіре?!

Иә, Тәуелсіздікке жету жолы – ұзақ та күрделі, кей кездері үлкен қасіретке де толы болды. Солардың бірі – патша өкіметінің соғыстың алғы шебіне қара жұмысқа қазақ жігіттерін алу туралы 1916 жылғы июнь Жарлығына қарсы бүкіл Қазақстанды қамтыған Ұлт-азаттық көтерілісі еді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев дүниежүзі қазақтары Құрылтайының мәжілісінде: «Әрине, бодандықтың аты – бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұлан-ғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз – тәрік, тіліміз – көріп, мәдениетіміз – мүшкіл, өзіміз – мүскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ел ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Қасымұлы, Аманкелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық өлі күнге өн-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді, ардақ тұта береді», – деген еді.

1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс туралы отандық тарихта көп жазылды. Бірақ, ұзақ жылдар көтерілістің Торғай даласындағы орталығына ғана көңіл бөлінді. Шу-Талас ошағындағы болған қозғалыстар туралы өте аз айтылды. Оның негізгі себебі – көтеріліске бағыт беруші Тұрар Рысқұловтың 1937 жылы репрессияға ұшырауы болды. Т.Рысқұловтың «1916 жылғы көтеріліс»

деген еңбегінде: «Басқаларға қарағанда күштірек болған көтеріліс – Әулиеата уезінде, әсіресе, Меркі ауданындағы қазақтардың көтерілісі болды. ...көтерілістің білікті басшысы Ақкөз атты қазақ қариясы өзін ерекше таныта білді», – деп жазды.

Осы көтерілістің тарихын терең зерттеп, оның Қазақстан тарихында өзіндік орнын алуына, өскелең ұрпақ санасына сіңдіріп, батырлардың есімін ардақтауға үлкен еңбек сіңіріп, үлес қосқан азаматтардың бірі – жерлесіміз, елінің аяулы ұлы, Меркі ауданының «Құрметті азаматы» болған, Ақкөз батырдың тікелей ұрпағы – Мырзабай Токтахан Айдарбекұлы еді.

Ұзақ жылдар бойына партия, кеңес басшы қызметтерін атқарған, ұстаздық еткен, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген парасатты жан, зейнет демалысына шыққан соң, аталар аманатын тарих төріне шығаруды азаматтық парызым деп санайды. Табиғатынан өнер-білімге құштар жанның

көрнекті жазушылар Ш.Мұртаза («Қызыл жебе»), Т.Қожакеев («Үркіншілік»), Т.Нұртазин («Тұрардың анты») атты керемет туындылар бар. Сондай бір игілікті іс – Ақкөз Қосанұлы атындағы орта мектептің жанынан мәрмәр тастан биіктігі 7 метрге жуық ескерткіш-мемориалдың орнатылуы. Ол көтеріліске қатысқан он мыңдай ата-бабалар өруағына бағышталып, есімдері тасқа қашалып жазылды.

1916 жылғы Ыстықкөл-Шу өңіріндегі Ұлт-азаттық көтеріліс Жетісу мен Орта Азияны байланыстырған тарихи серпіліс ошағы болды. Сондықтан да ғалымдар бұл көтерілісті қозғалыстың жеке ошағы, орталығы ретінде қарап, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қырғызстан Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институты бірігіп, ауданымызда халықаралық ғылыми-



жылға жетпей-ақ ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпесіне кім кепіл? Сондықтан ел тізгінін ұстаған азаматтар осы мәселеге көңіл бөлсе деймін», – деп жазды Токтахан Айдарбекұлы, 24 қыркүйек, 2004 жылы аудандық «Меркі тынысы» газетіне. «Басталған

сезіп, бәрін айтып, жазып кетуге үлгерсем екен деп асықты. Ия, ата-бабалар аманатын орындап, ұрпақтар алдындағы парызын өтеу үшін жанын жанына ұрған асыл азамат, өкінішке орай, бүгіндері ортамызда жоқ... Әйтсе де, оның соңында өшпес мұрасы, жақсы аты, жазған хаты, өмірін, ізгі істерін жалғастыратын ұлағатты ұрпағы қалды.

Өткен жылы ардагер қарияның ұрпақтары, жұбын жазбай 64 жыл отасқан жан жары Күлсінхан ана бас болып Токтахан Айдарбекұлының өнегелі өмір жолына арнап «Ғибратты ғұмыр» атты кітап шығарды. Осы әулеттің демеушілігімен, аудандық өлкетану музейінен ардагерге арналған арнайы бұрыш ашылды. №18 А.Қосанов атындағы орта мектебінің жанындағы мұражайында да кейбір экспонаттар жаңартылды. Мектеп өкімшілігі тарапынан арнайы маманға жауапкершілік жүктеліп, бұл іс әрі қарай жақсы жалғасын табады деген ойдамыз.

Бабалар салып кеткен сара жолды дара жолымен жалғастырған азамат Токтахан Айдарбекұлы өз асуынан абыроймен асты, өз биігін алды. Енді оның шыңына шығып, асқарды бағындыру бүгінгі ұрпақтың еншісінде.

Суреттерде: Токтахан Айдарбекұлы жан жары Күлсінхан апамен бірге; №18 А.Қосанұлы атындағы тірек мектебінің жанындағы ескерткіш мемориал.

Мейіркүл ӘБЖАНҚЫЗЫ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.



көкірегіне түйгені де мол еді. Токтахан Айдарбекұлы енді бар уақытын осы игілікті іске арнап, тынымсыз тер төкті. Қаншама мұрағаттарды ақтарып, сол 1916 жылғы көтеріліс жайында тың деректер тапты, белгілі академик – ғалымдармен пікір алмасып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, аудан орталығындағы №18 қазақ орта мектебіне Ақкөз Қосанұлының есімінің берілуіне, облыс орталығы – Тараз қаласындағы

теориялық конференция өткізді.

Өзінің денсаулығына, зейнет жасына қарамастан осы бір игі іске бар уақытын сарп еткен ардагер ағамыз Токтахан Айдарбекұлы енді №18 Ақкөз Қосанұлы атындағы мектеп жанынан көтеріліске қатысушыларға арнап мұражай ашу ісіне кірісті. Мұражайға қажетті құжаттарды жинақтап, құнды жәдігерлер ұсынды. Оның бар арманы – елінің тыныштығы, еркіндігі үшін атқа қонған асыл

іс аяқсыз қалмаса екен» деген ардагердің алаңдауы тегін емес. Түптеп келгенде, бұл көтеріліске қатысқан 10 мыңдай адамның тағдырын тоғыстырып таразылайтын, өлмес ерліктерін келер ұрпаққа паш ететін киелі орынның іргетасының қалануы еді. Биыл Ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толып отыр. Кемел қарияның бастап кеткен келелі ісін жалғастырар азаматтар бар шығар деп сенейік.



Жерлесіміз
Темірбек Қожакеев
90 жаста

Қазақ сатирасының тарихын зерттеп, бір жүйеге түсірген Темірбек Қожакеевті білмейтін жан кемде-кем. Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін 20 жылдан астам уақыт басқарып, темірдей тәртіп орнатқан Темірбек Қожакеев, қазақ әдебиеті мен баспасөзінің теориясын қалыптастырған ғалым, публицист, шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз.

Темірбек Қожакеев «Жас тілшілер серігі», «Жыл құстары», «Көк сенгірлер», «Қазақ сатирасы» (1970), «Абай – сатирик» (1970), «Қазақ-совет сатириктері» (1975), «Сатира және дәуір» (1976), «Бүгінгі қазақ сатирасының

Дүниеге шыр етіп келіп, көзін ашқанда бір жағы қуанған, бір жағы сол кездегі қиын өмірдің тауқыметінен, өздері үшін емес, балалары, болашақтары үшін қорқып, қам жеген әке-шешесі жас сәбидің құлағына қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрі бойынша «темірдей берік болсын» деген игі ниетпен үш қайтара «Темірбек» деп дауыстапты.

Темірбек Қожакеев 1926 жылы 17 желтоқсанда Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылында туған. 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген.

Ол 1947-1948 жылдары Меркі аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. 1953-1972 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы, аға оқытушысы және доценті болып қызмет етеді. Одан соң ұзақ жылдар бойына (1972-1986 жылдар аралығында) аталған жоғары оқу орнының журналистика факультетінің деканы болды.

Журналистер Одағы сыйлығының иегері. Жамбыл облысы Меркі ауданының «Құрметті азаматы» (2002 жыл).

Атынан ат үркетіндей Темірбек Қожакеев кім еді десек, оның өмірлік ұстанымы мен тұлғалық кредосын өзінің «Қоғамның әрбір мүшесі жалтақ, жағымпаз, күнбағар болмай, асқан-тасқан басшылардың теріс іс-әрекетіне тойтарыс беруге жарамды, бетті, ел тағдыры, адам тағдыры шешіліп жатқанда шындық, дұрыстық қасынан табылуға өзін дағдыландырып тәрбиелеуге тиіс» дейтуғын ой-тұжырымы танытса керек. Бұдан «Темекеннің «темір тоқпағы», «тотыяйын тілді Темкең», «тепкісі темірден де қатты Қожакеев»



ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ

проблемалары» (1978), «Адам. Қоғам. Сатира» (1980), «Сатиралық жанрлар» (1983), «Сатира – күштілер қаруы» (1985), «Сатира негіздері» (1996) сынды кітаптардың авторы. Қазақ журналистикасының дамуына үлес қосқан Темірбек Қожакеевтің құрметіне Алматы қаласында екі рет Қожакеев оқулары өткізілді.

Филология ғылымдарының докторы (1970 жыл), профессор (1972 жыл). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1996 жыл). Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі (1996 жыл).

Темірбек Қожакеев «Құрмет Белгісі» орденімен, алты медальмен марапатталған. Қазақстан

немесе «Ұйықтап жатып, жан шошырлық қорқынышты түс көрем, арасында ылғи Қожакеев жүреді» сынды аңызға айналған тіркестердің тегін шықпағанын аңғару қиын емес. «Біздің буын ұлы ұстаздың қатаң талап болғанмен, қаталдығы аталық мейірімге ұласқан жасында білім алды. Содан шығар, көз алдымызда шәкірттерімен емен-

жарқын сөйлесіп, қатарындай қалжыңдасатын жылы жүзі қалды. Топтағы 50 баланың мінезі елу түрлі. Қиқар тілді, сөзі уытты, өжет студенттерді жанына жақын тұтып, соларды сөйлете түскенді жақсы көретін. Біз оқығанда «Мерзімді баспасөз» кафедрасының меңгерушісі еді. Ғалым атақ-абыройының асқақтығы болар,

мерзімді баспасөзді қоспай, «Қожакеевтің кафедрасындамын» дегенді мақтанышпен айтатынбыз. Пайғамбар жасынан асса да, есте сақтау қабілеті таңғалдыратын. Факультет студенттерінің аты-жөнін, кімнің қолынан не келетінін, не істегенін ұмытпайтын», – деп оның шәкірттері ұлы ұстазын ылғи естеріне алады.

ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ ЖАЙЛЫ
ЕРЕКШЕ ЕСТЕЛІКТЕР

Танымал жазушы әрі журналист Құлтөлеу Мұқаштың өз тұстастары жайлы жазар естеліктері, өз замандастарының өмірі мен шығармашылығы, олардың қызығушылығы туралы жазған дүниелері көпшілік оқырмандарды сүйсіндіретіні анық. Өзі де ерекше оқиғалардың кейіпкері болып жүретін жазушының әйгілі профессор Темірбек Қожакеев туралы қысқа-қысқа естеліктерін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Кейінгі жасқа берер ғибраты мол әңгімеге сіздер де куә болыңыздар – дейді BAQ.kz тілшісі.

БАСПАНАСЫ –
ШИФОНЬЕР...

(Ұстазымыз Темірбек Қожакеев жөнінде естеліктер)

Сонау «тоқырау кезеңі» аталатын ертерек кезде болған көріністердің бірі. О тұста көпшілік жастардың... Оның ішінде «бес минутсіз» журналист жігіттердің арақ-шарапқа жуықтау жүргені жасырын емес.

Кейінгі белгілі жазушы, сол кездегі студент Серік Жанәбілов жатақханаға шала қызу күйде жетеді де, іште жүрген факультет деканы Темірбек Қожакеевті анадайдан байқап қалып, бөлмесіне зып беріп кіріп кетеді. Сол екі арада жағдайдың бөрің аңдап үлгерген Темкең сәлден соң оның артынан аяңдап барса, бір-бір кітап ұстаған төрт студент шұқшиып, «сабақ қарай» қалыпты. Бірақ, араларында Серік жоқ. Жігіттермен амандасып, хал-жағдай сұраған Темкең босағаға таяу тұрған қоңыр шифоньердің есігін жайлап ашса, ішінде қылқып Сөкең тұрған көрінеді.

– Сәлематсыз ба, ағай! – депті ол сасқанынан көзі алақтап.

Сонда Темірбек аға:
– Ә-ә, Серік! Аман ба? Сен осында тұрады екенсің ғой! – деп жиһаздың есігін түк болмағандай қайтадан жаба салыпты.

«ҚОЖАКЕЕВ
ЖЕЛКЕҢНЕН
ҚАРАП ТҰР!»

Атақты бесінші жатақхананың үшінші қабаттағы фойесінде үлкен қара теледидар тұратын еді. Бірде Аманхан Әлімов, Мәди Қайыңбаев бастаған бір топ студент у-ду етіп кешкі жаңалықтарды қарап отырады. Бір мезгілде хабар аяқталып, экраннан Темкең тұратын Алматыдағы атақты «Три богатыря» үйінің кескіні көрсетіледі.

Сол кезде «Бұралқы сөз күлуге жақсы» – демекші, Мәди:
– Жігіттер, ананы қараңдар! Қожакеев балконнан қарап тұр! – деп айқай салады. Сонда жатақханаға қай кезде келіп қалғаны белгісіз Темкең:
– Әй, Қайыңбаев! Қожакеев балконнан емес, желкеңнен қарап тұр! – депті саңқ етіп.

ЖОЛ ТАПҚАНҒА
ТАЛАС
ЖОҚ

Курстастар – Серік Пірназаров, Мұрат Сыздықов, Қыдыралы Қойтай, Иемберді Тастанов төртеуі өздері бөлінген студенттік құрылыс отрядының нысаны таяу болған соң қалт етсе-ақ Алматыға келгіштей беріпті. Құрбыларымен би кештеріне, киноға, театрға баруға құмартады да тұрады. Қысқасы, жұмыста берекелері бола қоймаған. Соған ерегіскен отряд командирі бұлардың үстінен деканатқа рапорт түсіреді. Қатал басшы Темірбек Қожакеевке де «керегі» сол, оқу басталар тұста төртеуіне жатақхана бергізбейді. Содан пәтерден пәтер жалдап, үш-төрт ай тұс-тұста тентіреген бұлар «Кезбелер көңілі кірлемесін!» деген ұранмен факультеттің өгей балаларының органы деп «Босқын» аталатын қолжазба газетін шығарады.

Онда ұдайы өздерінің ғана емес, жатақхана бұйырмаған басқа да студенттердің «мұң-зары», олар бастан кешкен шым-шытырық тартысты оқиғалар көрініс беріп тұрады. Және оны, әрине, деканның назарына іліктіруге күш салады. Бірде, газеттің төрт-бес саны шыққан соң Темкең:

– Ана бейшаралардың жан дауыстары құлағыма жетті. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» – демекші, жол тапқанға да талас жоқ, енді бұларды жатақханамен қамтамасыз етуге болады! – деп курс кураторы Әбілфайыз Ыдырысовқа нұсқау беріпті.

«БАС-БАСЫҢА
БАЙ ҚАЙДА!»

(Профессор Темірбек Қожакеевті ойлағанда)

Баяғы студенттік кезеңдер. Біз, қазіргі белгілі ғалым, танымал ақын Бауыржан Жақып, әктөбелік қаламгер Сергей Плютенко және мен мейрам қарсандарында жатақхананың ұзындығы бес-алты метрге созылатын «Қаламгер» қабырға газетін шығарамыз.

Бауыржан – бас редактор, Сергей – қатардағы редактор, мен безендірушімін. Жанр-жанр бойынша қабылданатын материалдарға талап күшті. (Осындайда еске түседі, бүгінде республикалық басылымдарды басқарып отырған кейбір жігіттердің өздері осы «Қаламгерге» дүниелерін жариялата алмай, кезек күтіп жүруші еді).

Газетіміздің алды қабырғаға ілінген күннен-ақ бірер апта бойы босамайды. Оны, тіпті, қасына Рақым Сатаев, Намазалы Омашев сынды бір топ «нөкерлерін» ерткен деканымыз Темірбек Қожакеевтің өзі келіп тамашалайды. «Міне, журналист болғаннан кейін газетті осылай шығару керек!» деп рахаттана көріп тұрады. Оны естіп біздің де мерейіміз тасиды. Сондықтан, әр нөмірді құлпыртып, биік көсібі деңгейде шығаруға тырысамыз.

Темкеңнің кей мерекелерде бөлмелерді аралап шығатын әдеті бар. Соны білетін бір құлар деканның аузынан әлгіндей мақтау естігісі келетін болуы керек, олар да «бөленінші бөлменің органы» деп жеке-жеке қабырға газетін шығаруды үрдіске айналдыра бастады. Ә дегенде, Темірбек аға бұлардың қате десін бе, олардың да бір-екеуін кішіпейілдікпен «е, жөн-ақ!» деп көтермелейді.

Содан шығар, кейінірек бөлме газеттерін шығару жаппай сипат алып, бәсекеге айналып кетті. Көреген ұстаз осыны аңдап, бірде: «Уай, жігіттер, бас-басыңа бай қайдан демекші, журналист екенбіз деп жеке-жеке газет шығарудың не қажеті бар? Әр нәрсенің шегі болады. Мынандай дарақылықты азайтқандарың жөн!» деп, ескерту жасады.

P.S. Тоқсаныншы жылдың орта тұсы еді. Біз о кезде «Лениншіл жас» газетінде қызмет ететін Бауыржан Омаров екеуіміз бөлмеде отыр едік, ойда жоқта дәлізден Темкеңнің саңқылдаған даусы естілді де, ытқып шықтық. Ұстаздың билік орындарынан сонау Желтоқсан оқиғасына байланысты бірталай қағажу көріп, едәуір көлеңкеде жүріп, әділет самалы өнді-өнді ғана есіп, қоғамға қайта араласа бастаған тұсы болатын. Темкеңе «сіздің дауысыңызды естіп шықтық» деп едік, Ұстаз риза болып:

– Уай, осы дауысты өшсе екен, көмейіне құм құйылса екен деп жүргендер де бар ғой. Бірақ олары бола қоя ма оңайшылықпен! – деп әдетінше шалқая қарап, мерейлене күлді.

Расында, шәкірттерінің мейлінше биіктен көрініп, туған еліне адал қызмет етуін көксеген халықтың осынау аяулы перзентін әр тұстарда пендешілікпен аяқтан шалған дұшпандарының өзі мойындайтынын аңдаушы едік.

Темкең тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей түскендей.

Құлтөлеу Мұқаш

(Интернет материалдарынан).



В райфилиале партии «Нур Отан» прошел семинар с председателями первичных партийных организаций, на котором были рассмотрены восемь актуальных вопросов. Открыл семинар первый заместитель председателя райфилиала партии «Нур Отан» М.Касым, предоставив слово председателю Молодежного крыла «Жас Отан» при Жамбылском областном филиале партии «Нур Отан» У.Болатбеку, который рассказал о том, что партией будет проводиться республиканский конкурс «Лучшая первичная партийная организация» партии «Нур Отан», в котором смогут принять участие все ППО.

Ольга АКИНИНА, "Меркі тынысы".

РАССМОТРЕЛИ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

О целях и задачах конкурса, который будет проходить в три этапа, категории участников конкурса, критерии отбора участников и т.д. На семинаре были рассмотрены вопросы ведения единой номенклатуры, открытия в первичных партийных организациях, где их еще нет, кабинетов. Так, на сегодняшний день кабинеты имеются в 6 ППО, в дальнейшем их планируется открыть еще и в других первичных партийных организациях.

Далее об утверждении изменений правил уплаты и учетов вступительных и членских партийных взносов участникам семинара рассказал заведующий сектором райфилиала партии «Нур Отан» М.Нурланов.

Также присутствующими были рассмотрены вопросы формирования регионального и общего партийного кадрового резерва, подготовки к отчетно-выборному периоду. О процедуре формирования резерва,

которая включает в себя ряд последовательных этапов, это: информирование населения о начале формирования резерва, посредством проведения брифинга, размещение объявлений в СМИ, на веб-сайте и в периодических печатных изданиях партии.

При каждом последующем дополнительном отборе кандидатов в резерв, информирование населения производится тем региональным филиалом, в котором выявилась такая потребность в дополнительном отборе. О том, что прием и рассмотрение территориальными и региональными филиалами партии документов кандидатов на их соответствие требованиям будет проводиться, согласно Положения, в порядке, предусмотренном пунктами 9-16 Инструкции. О том, что кандидаты выдвигаются на собраниях ППО, конкурсный отбор включает в себя тестирование, собеседование и

вынесения решения Региональной комиссией, утверждение списков проходит на соответствующих Региональных Бюро Политического совета партии. О том, что члены партии, состоящие на момент формирования партийного кадрового резерва в кадровом резерве административной государственной службы корпуса «А», рассматриваются в качестве кандидатов для включения в партийный кадровый резерв, без прохождения вышеуказанных процедур отбора.

В завершении семинара, его участники говорили о том, что молодых ребят, не набравших пороговый балл на ЕНТ, необходимо трудоустроить, помогая им найти дело по душе.

Семинар прошел плодотворно и председатели ППО райфилиала партии «Нур Отан» смогли получить на нем много новой и полезной информации, которая обязательно пригодится им в дальнейшей работе.



Жақында аудандық сотта «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі арқылы әкімшілік істерді жолдау туралы тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге Меркі аудандық ауылдық округтерінің өкілдері, Меркі аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, БАҚ-ның тілшілері қатысты.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Жиын барысында сот төрағасы А.Дәуренбеков алдағы уақытта Республикада барлық соттардың «сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы жұмыс істеуі бүгінгідей таңсық болмай, жалпы сот жүйесінің күнделікті қалыптасқан үйреншікті жұмысына айналатынын айтты. «Сот кабинеті» – халықтың сотқа өтініш, шағым жасауға және қолдау хатты электронды түрде дайындап жолдауына арналған жүйе. Сонымен бірге, мемлекеттік органдар «Сот кабинеті» жүйесі арқылы әкімшілік істерді электронды

түрде жолдауға толық мүмкіншіліктерінің барын айтты.

Сондай-ақ, басқосуда жетекші маман А.Садуов «Сот кабинеті» арқылы әкімшілік істерді электронды түрде дұрыс жолдауды тәжірибе жүзінде көрсетіп (суретте), әдістемелік құралдар тапсырды.

Іс-шараға қатысушылар жаңа ақпараттық онлайн қызмет түрлері қолданысқа енгізіліп отырғанына сенім білдірді. Олар талқыланды мәселелер бойынша өз пікірлерін айтып, ұсыныстарын жеткізді.

Ш.УТЕЕВА,

Меркі аудандық сотының кеңсе меңгерушісі



ЖАҚСЫ ЖҰМЫС - ЖАНҒА ТЫНЫС

Әркім өзінің қолынан келетін, ең бастысы, көңілі қалап, жанымен беріле атқаратын жұмысты істегені абзал. Сонда еткен еңбегі берекелі болып, табыстың қайнар көзі ашылары анық. Тылсым күш-қуат беріп, әрдайым тек алдыға ұмтылып отыратыны тағы бар. Сөйтіп, адам баласы ішкі дүниесі мен сыртқы әлемді байланыстыра білсе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Расул МАЛЛАБАЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".



Себебі, қандай да бір жұмысты беріле істеген соң, бір сәт демалып отырғанның өзі бір ғанибет емес пе?! Міне, сондай жолмен жүріп, адал еңбегінен бақытын тапқан жандардың бірі – ауданымыздың «Жасыл белес» шаруа қожалығының жетекшісі Үсен Қабылбек (суретте). Рас, өмірдің ағысымен тағдыр сан тарауға тартқаны да бар. Бірақ, түптің түбінде «Еңбек етсең, емерсің» деген қазақы даналыққа жүгіне білген жан ерінбей еңбек етуден танбаған екен. Бала көзінен ұшқыш болуды армандаған Үсен ағамыз авиация саласы бойынша оқуын аяқтап, осы салада біраз қызмет атқарды. Кейінірек денсаулығына байланысты жұмысты тастайды. Ел Тәуелсіздігін алғаннан кейін «екі қолға бір күрек» іздеп ауыл тұрғындары қалаға қарай ағылып жатқанда, Үсен Қабылбек ауылға келіп, өзінің қазіргі шаруа қожалығының

алғашқы іргетасын қалап, жанұялық бизнесін құрған екен.

– Көңілім қалады ма, осы бағбандықтан, адал еңбек етуден танбаймын деген ұстанымынан таймадым. Сырт көзге ерсілеу көрінсе де, әр түп алма ағашын аялау, күтіп-баптау, кейде күбірлей тілдесу өз алдына бір қуаныш. Сөйтіп, алманың аудан табиғатына бейім сорттарын өсіруге бар күшімді салдым – дейді бағбан.

1993 жылдары жұмысқа жанымен кіріскен Үсен ағамыздың бүгінде, «Жасыл белесте» қазір алма бағының аумағы – 28 гектар болды, оған «Жерұйықтағы» 8 гектарды қоссақ, барлығы – 36 гектар. Болашақта 100 гектарға жеткізуді жоспарлаған бағбан: – Меркі жері алма өсіруге өте қолайлы болып табылады. Өзім өсіріп отырған алма бақтарды аралап шығу үшін кем дегенде 50 шақырым жүруім керек. Осы ретте менің айтарым, алма өсірушілерге жер телімдері бір жерден берілсе деймін – деген Үсен, алмалардың сорт алмастыру керектігін жеткізді.

Еңбегімен еленген Үсен Қабылбек өзі секілді қарапайым еңбек адамдарымен бірлесе күтімге алған алма бағы дәл осы күндері жайқала, жемісі пісіп келеді. Иә, қызығы мен қиындығы қатар жүретін алма өсіру жұмыстарында кедергілерге де тоқталып өтті.

– Алмаларда ауырады. Осы ауруларды анықтауға келген мамандар бұл аурудың шыққан жерін, қайдан келгенін зерттемей, ауруды анықтаған соң «алма ағаштарын кесіп тастаймыз» деп кететіндері де бар. Сонымен қатар, алма өсіруге субсидия тоқтағаны баршаға мәлім. Субсидия тек шет елдерден алып келіп отырғызылған алма ағаштарына ғана төленуде. Сонда Қазақстанда өсірілген алма ағаштарына қолдау болмағаны ғой. Менің айтайын дегенім, біздің ел-жұртымыздың тапқан ақшасының бөрі осы алма үшін шетелге – Қытайға, Польшаға, Иранға, Түркияға кетуде. Сондықтан да неге өзімізде өскен отандық өрі арзан, өрі экологиялық таза өнімге Ауылшаруашылығы министрлігі қолдау көрсетпеске, – дейді кәсіпкер Үсен.

– «Бір жыл көл, бір жыл шөл» – деп әңгімесін өрі қарай жалғастырған бағбан, – биыл құдайға шүкір, судан тапшылық болып тұрған жоқ. Ал, былтыр ауа-райының қолайсыздығынан біраз алма ағашы жоспарлағанымыздай жемісін бере алмады. Осы тұста жергілікті билік біз секілді жермен айналысатындарға Аспара өзенінің бойынан су қоймасын салып берсе, 5-6 жылға жетерлік су сақтап отыруға мүмкіндік туар еді – деп өз ойын айтып өтті.

Біздің ауданда алма бақтарының көлемін 3 мың гектарға жеткізу керек екен. Сонда ғана біз алма өсіруде алдыңғы қатардағы Қытай, Польша сынды мемлекеттердің қатарына жетіп, Ресей секілді ірі мемлекеттерге өз өнімдерімізді өткізе алады екенбіз. Алма бақтарын табиғаты қолайлы Меркі жерінде көптеп өсірсе, қарапайым еңбек адамдары адал еңбегінің жемісін еселеп алып отырады екен.

КО ДНЮ МЕДИАЦИИ

5 августа 2016 года Меркенсим районным судом было проведено торжественное собрание, посвященное Дню медиации. В мероприятии приняли участие председатель Меркенского районного суда А.Дауренбеков, судьи, помощник прокурора С.Игенбекова, профессиональные и непрофессиональные медиаторы, представители сельских округов, средств массовой информации.

Ольга МАЗУР,
"Меркі тынысы".



В своем докладе председатель Меркенского районного суда А.Дауренбеков отметил, что главная цель медиации – это взаимовыгодный мирный договор, условием которого является достижение взаимовыгодного соглашения. Как известно, Закон «О медиации» в Казахстане принят 28 января 2011 года. Согласно этому Закону, медиация – это процедура урегулирования спора между сторонами при содействии медиатора, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон.

В своем выступлении председатель суда отметил, что институт медиации играет важную роль в снижении нагрузки рассматриваемых дел в суде и является одним из способов решения споров сторон.

Подводя итоги, председатель суда выразил благодарность профессиональному медиатору А.Тортаеву и от коллектива ему была вручена Почетная грамота (на снимке).

Общество Всеобщего Труда

Футбол

Как известно, человек строит и созидает с самого начала создания общества. Строители — люди самой мирной профессии. Они строят новые объекты, реставрируют старые, внедряя самые передовые технологии, перспективные разработки и оригинальные конструкторские решения, позволяя тем самым сохранить для наших потомков то, что было создано их отцами и дедами.

Ольга МАЗУР, Алихан НУРАЛИЕВ (фото), "Меркі тынысы".

ЕГО ПРОФЕССИЯ - СТРОИТЕЛЬ



В теплые августовские дни предстатели этой профессии отмечают свой профессиональный праздник. И в нашем районе немало тех, кто причисляет себя к этой профессии, тех, кто много лет и своих сил посвятил этому благородному делу. Один из них, уважаемый человек в районе, Алексей Борисович Шпиц.

К своей работе Алексей Борисович всегда относился ответственно. И в 1979 году, когда только начал свою трудовую деятельность строителем в ПМК-74, и сегодня, когда работает старшим прорабом на строительстве важных социальных объектов и от его опыта, знаний и правильного подхода к делу, умения работать с людьми, контролировать ход строительных работ, зависит многое. Сегодня силы и профессиональные навыки Алексея Борисовича, как и много лет тому назад, востребованы. ТОО «Тараз-Курылыс-Инвест», в котором он работает, ведет строительство значимого в районе социального объекта – поликлиники. До этого он трудился старшим прорабом на строительстве врачебной амбулатории Сарымолдаева, средней школы № 7 в селе Интернациональном, то есть, имеет большой опыт в строи-

тельстве. За плечами Алексея Борисовича большой трудовой стаж в профессии. Он является одним из самых опытных специалистов в этой сфере, тех, кто состоялся и смог реализовать себя в любимом деле, и сегодня с молодежью своими навыками и знаниями делится. А ведь было время, когда и его, молодого и начинающего строителя, обучали более старшие и опытные наставники, им он благодарен до сих пор, вспоминая с большим уважением. Это: начальник участка СПМК-2 Садык Биналиевич Амирханов, начальник производственно-технического отдела ПМК-74 Балабек Азизович Дилаваров и др.

Немало, работая по своей профессии, сделал для района Алексей Борисович. Он принимал участие в возведении многих нужных людям, и служащих по сей день, объектов, когда трудился строителем, затем начальником участка в ПМК-74, СПМК-2, затем, когда работал в ТОО «Мерке-Спецстрой». Имеет немало наград, Благодарственных писем и Почетных грамот. В 2014 году он был награжден медалью «За трудовую доблесть», которую ему вручил аким области.

Когда, окончив восемь классов,

Алексей Борисович поступал в Ванновский гидромелиоративный техникум, ему было на кого равняться. Это его отец, профессиональный строитель Борис Исаакович, с которого он всегда старался брать пример. А.Шпиц спустя годы считает, что секреты строительного мастерства накапливались

веками, бережно хранились и передавались из поколения в поколение, от мастеров к ученикам. Так, в руках Алексея Борисовича оказалась нужная и востребованная профессия гидротехника. Отслужив в Армии, в ракетных войсках, в городе Кенигсберге, А.Шпиц вернулся в родное село и поступил на работу в ПМК – 74. С первых дней своей трудовой деятельности он понял, что выбрал дело по душе. И, сегодня, считает он, как и много лет тому назад, квалифицированные строительных дел мастера в дефиците и ценятся очень высоко.

А любая стройка, это дело для целого коллектива строителей, где каждый человек имеет свою специализацию и выполняет определённую работу. Ведь, чтобы построить детский сад, школу, врачебную амбулаторию, поликлинику, нужны люди разных профессий, которых объединяет одна цель и задача – строительство современного, благоустроенного, красивого и надежного объекта. Именно такие специалисты, знающие свое дело, трудятся под руководством Алексея Борисовича. Благодаря таким людям, как А.Шпиц и его коллеги, их умению и старанию, профессионализму, любви к своему делу, мы себя чувствуем в построенных домах и учреждениях уютно и комфортно.

А.Шпиц и в профессии состоялся, и в личной жизни. Прекрасный супруг, отец троих детей, дедушка восьмерых внуков. Все успевает, везде старается себя реализовать, быть полезным людям, востребованным обществом, чувствуя ритм постоянно меняющегося времени.

В День строителя Алексей Борисович поздравляет всех строителей с профессиональным праздником и желает чистого, мирного неба над головой, счастья, здоровья, семейного благополучия, и достижения своих целей!

На снимке: старший прораб А.Шпиц вместе со своим учеником, мастером А.Абишевым обсуждает ход строительных работ.

ЧЕМПИОНАТ РАЙОНА

Стартовав, 11 мая 2016 года на футбольном поле Т.Рыскуловского сельского округа матчем команд «Достар» – «Актоган», чемпионат района подходит к финишу первого круга. На соревнованиях чемпионата района по футболу, посвященного 25-летию Независимости Республики Казахстан, XXXI летним Олимпийским играм, под девизом «Спорт, молодежь против наркотиков» сыграно 84 матча.



Чемпионат района проводится в два круга. В соревнованиях чемпионата района по футболу принимают участия 14 команд, представляющие сельские округа, предприятия и организации нашего района (на снимке).

В настоящее время, за двенадцать туров первого круга сыграно 84 матча. Забито в ворота соперников 345 мячей, что в среднем по четыре и более мячей за игру. Самый крупный счет зафиксирован в матче команд «Ботбай» – «Актоган» – 10:2, в пользу команды «Ботбай». Больше всех забито мячей в ворота соперников футболистами команды «Ботбай» – 45 мячей, меньше всех пропустили в свои ворота также футболисты команды

«Ботбай» – 7 мячей. На звание лучшего бомбардира чемпионата района претендуют: Д.Итжанов («Мынказан») – 15 мячей, А.Омирбеков («Акарал») – 14 мячей, Д.Койшыбаев («Нурлы Жастар») – 12 мячей.

Из проведенных 84 матчей, в 10 встречах команды довольствовались результатом ничья, в остальных 74 матчах игры заканчивались победой одной из команд. За один тур до окончания I круга чемпионата уверенно лидирует команда «Ботбай», набравшая максимальное количество очков – 36, на втором месте, с разницей в три очка, футболисты команды «Достар», у них 33 очка, на третьем месте, набрав по 24 очка, находится команда «Мынказан».

ТУРНИРНАЯ ТАБЛИЦА

чемпионата Меркенского района по футболу, посвященного 25-летию Независимости Республики Казахстан, XXXI летним Олимпийским играм, под девизом «Спорт, молодежь против наркотиков», на 8 августа 2016 года

Наименование команд	И	В	Н	П	Р/М	Н/О	З/М
«Достар»	12	11	0	1	37:14	33	II
«Андас батыр»	12	7	1	4	22:16	22	V
«Акарал»	12	3	2	7	31:37	11	IX-X-XI
«Т.Рыскулов» (I отд.)	12	2	1	9	12:28	7	XIII
«Нурлы Жастар»	12	7	2	3	30:19	23	IV
«Аспара»	12	3	2	7	24:30	11	IX-X-XI
«Костоган»	12	3	2	7	15:25	11	IX-X-XI
«Ардагер»	12	6	1	5	31:26	19	VI-VII
«Ботбай»	12	12	0	0	45:7	36	I
«Мынказан»	12	7	3	2	30:14	24	III
«Сурат»	12	0	0	12	2:42	0	XIV
«Аскер»	12	3	1	8	12:30	10	XII
«Интернациональный»	12	5	4	3	25:20	19	VI-VII
«Актоган»	12	5	1	6	27:37	16	VIII

Матчи чемпионата района по футболу проводятся еженедельно, со вторника по пятницу, с 17.00 – 21.00 часов, на футбольном поле Т.Рыскуловского сельского округа.

А.ОСМАНОВ,
руководитель отдела физической культуры и спорта акимата Меркенского района

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Өрттің тілсіз жау екендігі баршамызға белгілі. Ол материалдық шығын келтірумен қатар, кейде адам өміріне де қауіп төндіреді. Шындығына келгенде, өрттің шығу себептері, өзіміздің күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген электр құралдарынан немесе тұрғындардың отқа ұқыпсыз қарауынан, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау салдарынан туындап отыр.

Бұрын да талай айтылып жүргенімен, өрттің көбейіп кетуіне байланысты тұрғындарды тағы да ескерткіміз келеді. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар, пеш жағар алдында пеш құбырының қаншалықты жарамды екендігін

тексеріп алғандарыңыз жөн. Өрт – тілсіз жау, оған қарсы күрес ешқашан да тоқталған емес, сондықтан да өртке қарсы бірігіп күресейік, ағайын.

Меркі ауданының
ТЖ бөлімі

ЧТО ТАКОЕ ЭНТЕРОВИРУСНАЯ ИНФЕКЦИЯ

Энтеровирусная инфекция – это группа острых инфекционных болезней, вызываемых кишечными вирусами (энтеровирусами), характеризующаяся лихорадкой и полиморфизмом кишечных симптомов, обусловленных поражением ЦНС, сердечно-сосудистой системы, ЖКТ, мышечной системы, легких, печени и других органов.

Одной из основных особенностей этих инфекций является здоровое вирусоносительство, постоянно обуславливающееся возникновением спорадических форм массовых заболеваний, которое, как и заболеваемость, наблюдается не только среди детей младшего и старшего возраста, но и среди взрослых.

Источник инфекции. Источником инфекции является больной человек или бессимптомный носитель вируса. Вирус выделяется из носоглотки и кишечного тракта (с фекалиями) и может передаваться как фекально-оральным, так и воздушно-капельным путями. Роль каждого из путей передачи может изменяться, в зависимости от сроков от начала болезни (или инфицирования). Контактнo-бытовой путь реализуется с загрязненными предметами и руками другого человека, с последующим внедрением вируса через слизистую ротоглотки, носа или глаз.

Инкубационный период. Инкубационный период широко варьирует,

составляя от 2 до 35 дней, в среднем – до 1 недели. Вирус обнаруживают в крови, моче, носоглотке и фекалиях, за несколько дней до появления клинических симптомов. Через две недели большинство энтеровирусов еще выделяется с фекалиями, но уже не обнаруживается в крови или носоглоточном отделяемом.

Клиника. Наиболее характерные симптомы заболевания – повышение температуры тела, недомогание, головная боль, сыпь на руках, ногах, лице, боль в мышцах. При тяжелых формах заболевания этот вирус может вызывать отек легких, менингит, энцефалит с осложнениями, в виде параличей (осложнения чаще развиваются у детей до 2-х лет). Эффективного специфического лечения и вакцины пока не разработано.

Чтобы уберечь себя от заражения необходимо:

- соблюдать правила личной гигиены, тщательно мыть руки с мылом перед едой, после посещения туалета, после возвращения с улицы;
- не употреблять для питья воду из открытых водоемов, колодцев;
- не купаться в открытых водоемах, где купание не рекомендуется;

- соблюдать правила гигиены при приготовлении пищи – раздельно использовать разделочный кухонный инвентарь (ножи, доски) для сырых и готовых к употреблению (хлеб, овощи, и т.п.) продуктов;
 - фрукты, ягоды, овощи тщательно мыть, сначала под проточной водой, затем промыть бутилированной или кипяченной водой;
 - соблюдать режим мытья столовой и кухонной посуды, с использованием моющих средств и ошпаривания;
 - не допускать соприкосновения (сообщественного хранения) сырых продуктов и продуктов, готовых к употреблению;
 - хранить различные продукты в индивидуальной упаковке (таре), не допускать загрязнения, порчи продуктов;
 - соблюдать температурный режим хранения скоропортящихся продуктов, не допускать использования продуктов с истекшим сроком годности;
 - защищать пищу от мух, насекомых, грызунов, домашних животных.
 - соблюдение простых мер профилактики, в большинстве случаев, позволяет предотвратить инфицирование возбудителями острых кишечных инфекций, в том числе, энтеровирусами.
- Помните, что заболевание легче предупредить, соблюдая элементарные меры профилактики, чем лечить.

Ж.БЕКИБАЕВА,
ведущий специалист отдела
эпиднадзора Меркенского районного управления по защите прав потребителей



Сүйінші, Олимпиаданың бесінші күні Қазақстанның қоржынына бірден екі алтын түсті!

Рио-де-Жанейрода өтіп жатқан XXXI жазғы Олимпиада ойындарының бесінші күні де аяқталды. Жарыстың алғашқы күні біздің спортшылар үшін жеңіспен басталып, дзюдошылар Елдос Сметов пен Галбадрах Отгонцэцег күміс пен қола медальдарға ие болған еді.

ЕР НАМЫСЫ - ЕЛ НАМЫСЫ



Дмитрий БАЛАНДИН

Қазақстандық ауыратлет Фархад Харкидің қола медалінен кейін ауыратлет Карина Горичева Рио Олимпиадасында ел қоржынына төртінші медальді салды. 63 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсететін отандасымыз қола медальді жеңіп алды. Ол жұлқа көтеруде 111 келіні еңсеріп, екінші орында тұрған еді. Кейін, серпе көтеруде 132 келіні еңсерді. Осылайша К.Горичева жалпы есепте 243 келімен Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды.

Рио Олимпиадасының бесінші күні Қазақстан құрамасы үшін аса сәтті өтті. Қазақстан құрамасының қоржыны 2 алтын, 1 күміс медальмен толығып, ұлттық құрама жалпыкомандалық



Жазира ЖАППАРҚҰЛ

зілтемірді бағындырды. Осылайша, жерлесіміз Рио Олимпиадасының жеңімпазы атанды.

69 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен қазақ зілтеміршісі Жазира Жаппарқұл Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанды.

Жұлқа көтеру жаттығуында жерлесіміз бірінші мүмкіндігінде 111 келіні көтерді. Кейін спортшы 115 келіге тапсырыс беріп, ол салмақты да бағындыра алды. Ал, үшінші мүмкіндігінде 117 келіні көтере алмады. Сонымен, Жазира жұлқа көтеру сайысын екінші болып аяқтады.

Серпе көтеруде қазақ спортшысы бар күшін салды. Алдымен Жазира 140 келіні көтере алмады. Кейін ол сол салмақты еркіне бағындырды. Соңғы мүмкіндігінде Жазира Жаппарқұл 144 келіні бағындырды. Қос сайыстың қорытындысы бойынша жерлесіміз 259 келімен Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Осылайша, Жазира Олимпиада ойындарында жүлделі орынға ие болған тұңғыш қазақ қызы атанды.

(Интернет материалдарынан).



Ниджат РАХИМОВ

есепте 11-орынға көтеріліп отыр.

Жүзу спортынан бұған дейін ешкім Олимпиада ойындарында медаль алып көрмеген еді. Ал, Дмитрий Баландин сол олқылықтың орнын толтырды. Ол брасс әдісімен 200 метр қашықтықта суға жүзу жарысында белгіленген қашықтықты 2:07:46 уақытта жүріп өтіп, бірінші орынға ие болды. Екінші орынды

америкалық Джош Прено (2:07.53) алды. Ал, үшінші орын ресейлік Антон Чупковтың (2:08.08) еншісінде.

Жалпы, Дмитрий Баландин туралы айтатын болсақ. Оны алғаш рет жанкүйерлер осыдан екі жыл бұрын таныды. Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өткен XVII жазғы Азия ойындарында көптеген спорт

ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ ӨТЕДІ

Меркі аудандық мәслихаттың «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 24 маусымдағы №30-7 шешіміне сәйкес 2016 жылдың тамыз айының 22 күні сағат 17.00-де балалар мен жасөспірімдер «Үміт» сарайында (Ысмайылов көшесі №258) Меркі ауылдық округінің бөлек жергілікті қауымдастық мүшелерімен жиналыс өтеді.

Жиналыстың күн тәртібінде «Меркі ауылдық округі әкімінің аппараты КММ-нің қаржы жоспарын бекіту және әртүрлі мәселелер қаралады.

Е.ҚОСУАҚОВ,
Меркі ауылдық округінің әкімі

№3 орта мектебінің ұжымы осы мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі

ҚОРЖЫНБАЕВ АХАТ ОШАҚБАЙҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның әкесі, білім беру саласында еселі еңбек етіп, №3 орта мектепте бірнеше жыл директорлық қызмет атқарған Қоржынбаев Ошақбайға, әкпесі Қоржынбаева Ләйлаға, жұбайы, осы мектептің мұғалімі Саурықова Шәрбануға, ұл-қыздары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

В связи с прекращением деятельности КХ «Агилаш», на имя Избасаровой Агилаш, ИИН 350308404213, все претензии принимаются в течение одного месяца после опубликования по адресу: с. Екпинды, ул. Т.Рыскулова, 287.

В связи с прекращением предпринимательской деятельности Нартовой Кумыскуль, ИИН 470402401660, все претензии принимаются в течение одного месяца после опубликования по адресу: с. Мерке, ул. Смагулова, 13.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

№48 орта мектебін 1999-2000 оқу жылында бітіргендігі туралы Омаров Ербол Алиевичтің (16.02.1983 ж.т.) атына берілген ОБ №0339388 аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Ақ тілек



Жамбыл ауылының тұрғыны, асыл да ардақты әкеміз **Өзбеков Медербек Көшенұлы 16 тамызда 63 жасқа толатын** мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әке! Осы бір жаңға жылу беретін, көңілге қуаныш сыйлайтын, үш-ақ өріптен құралған сөздің құдіретін Өзіңізбен ғана біліп, сезініп өстік. Сіз бізге қашанда үлгі тұтар азамат, арқа сүйер Асқар тау, ақылшы бола білдіңіз. Жастайыңыздан еңбекке араласып, ауданымыздың ауылшаруашылығы

салаларында, аудан әкімдігінде түрлі басшы қызметтерді атқарғанда, Жамбыл ауылдық округінде әкім болғаныңызда нағыз еңбекқорлығыңыздың күәсі болдық. Еңбек етуді, көппен тіл табысып, жұмыс істеуді, үлкенді құрметтеп, кішіні қадірлеуді өзіңізден үйрендік. Сондықтан да Сіз біз үшін қашанда биік, қашанда асқақ тұлғасыз, жан ӘКЕ!

Осынау күні айтарымыз: жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп ұзақ жасай беріңіз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бала-шаға қызығына кенеліп, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Ортамызда аман-есен жүріңіз. Алпыс үштің аскарына жеттіңіз, Өткен күннің артта қалып елесі, Енді 100-ге құлаш сермеп шығыңыз. Тіршіліктің жылжи берер кемесі. Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Басыңызға Бақ пен Ырыс сыйлаған, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз, 63-тің құтты болсын белесі!

Ақ тілекпен: жұбайы – Райда, ұлдары мен келіндері, қыздары мен күйеу балалары және немерелері.

Құттықтаймыз!

Ақарал ауылының тұрғыны, сүйікті әкеміз **Шайхиев Ғалымжан Жолдасұлы 16 тамызда 50 жасқа толатын** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Асыл әке! 50 жас мерейтойыңыз құтты болсын. Мерекелі, берекелі күні өзіміздің асқар таудай тірегіміз, сүйенішіміз, ақылшымыз әкемізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ та баянды ғұмыр, мол бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Өзіңіздей алтын әкемізді біз мақтан тұтамыз. Өміріңіз нұрға, жүрегіңіз жырға бөленіп, әр күніңіз шұғылалы да шырайлы болсын.

Құтты болсын бүгінгі елуіңіз, Алла берген бар нәсіпті теріңіз, Елудей еңселі жасқа келуіңіз. Бар қызығын бұл өмірдің көріңіз. Ақ сақалды, ардақты ата болып, Зор денсаулық біз тілейміз әрқашан, Жүз жастың биігінен көрініңіз! Жете бергін армандарға аңсаған! Соңыңызда шатқал шың, қия қапты, Өміріңнің мәні болған ұрпағың, Сөзіңіз, ісіңіз де тиянақты. Мол қуаныш сыйлай берсін бір саған! Айтқан ақыл, өнеге төліміңіз, Бала-шаға арасында ойнап-күліп, Жүректерге ізгілік ұялатты. Берсін Алла басыңызға қайраттылық. Біз тілейміз шаттық пен жақсылықты, Жүріңіз ортамызда жайнап, күліп!

Ізгі ниетпен: ұлы – Самат, келіні – Айгерім.



Окружает заботой и теплом

Если у человека большое, доброе и благородное сердце, он может сделать для людей много добра. Именно такой человек, окружающий людей своей заботой и теплом, невропатолог, иглорефлексотерапевт медицинского центра «НеОмед» Олег Климентьевич Цой, которому на страницах районной газеты «Меркі тынысы» хочется выразить сердечную благодарность за внимание, искренность, вежливое отношение к людям и высокий профессионализм в работе. Пожелать успехов и процветания в нелегком, но благородном деле, счастья, благополучия, чтобы беда обходила дом стороной и судьба была благосклонна. Ваш дар помогать людям от Бога.

Хочется сказать большое спасибо судьбе за то, что на земле есть такие люди, как Вы, выразить благодарность вашим родителям за то, что они смогли воспитать такого прекрасного сына, достойного человека. Вы отражение своих родителей. Пусть Бог хранит вас и оберегает от бед.

Не могу не сказать и о вашем сплоченном и трудолюбивом коллективе то, что у вас все урегулировано с медперсоналом. Я от всей души благодарна медсестре Рамиле Алиевой, за ее профессионализм и искренность, тепло, которое она дарит своим пациентам. Спасибо Вам большое! Вы пример для своих коллег, прекрасный медик и человек!

С большим уважением к Вам Ваша пациентка Ж.Алтаева.

Открылось наследство после смерти Жумабаева Сайлау, умершего 8 января 2011 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1.

* * *

Открылось наследство после смерти Иманжанова Сартая, умершего 23 декабря 2001 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1.

* * *

Открылось наследство после смерти Иманжановой Ракии, умершей 10 января 2010 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1.

* * *

Открылось наследство после смерти Джуматаева Жаната Ермекбаевича, умершего 23 октября 2007 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

* * *

Открылось наследство после смерти Алиева Джангира Хулисовича, умершего 23 февраля 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1.

**МЕРКІ
ТЫНЫСЫ**

Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru ● КЕЗЕКШІЛЕР: Ә.Нұралиев, О.Мазур

Меншік иесі:

"Меркі тынысы"-
Баспасы"
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Индекс: 080500,
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайылов көшесі,
№349.

Телефондар: Бас
редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34

Газет аралас – қазақ және орыс
тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция
авторлардың көзқарасы үшін өзіне
жауапкершілік жүктемейді.
Газет ЖК ЖТО «Али ЗА»
баспа орталығында басылған.
Мекен-жайы: Тараз қаласы,
Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы
инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және
ақпарат комитеті
Мерзімді баспасөз басшылығы және
ақпараттық агенттікті есепке
қою туралы КУӘЛІК
№14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

● ТАРАЛЫМЫ: 2584 дана